

Қазақстан Республикасына сигарет штрангісінің нығыздалу тығыздығын анықтау үшін иондаушы сәулелену көздерін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 маусымдағы N 1005

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 қаулысына P960298_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы темекі фабрикасы" акционерлік қоғамына ЛНИ ЭЛЕКТРОНИКС СА (Швейцария) мен ФИЛИП МОРРИС инженерлік қызметі арасындағы 1997 жылдың 26 ақпанындағы N 96-112 келісім-шартына сай Қазақстан Республикасына сигарет штрангісінің нығыздалу-тығыздылығын анықтайтын аспапқа пайдаланылатын қуаты 20 мКюри стронций - 90 (СЭҚ ТН коды 2844.40000) негізіндегі иондаушы сәулелену көзін әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі белгіленген тәртіпте лицензия берсін.

3. Аталған иондаушы сәулелену көздерінің пайдалану қауіпсіздігіне бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі